

1. Жеке тіл білімі зерттейді
  - A) барлық тілдерге тән заңдылықтар мен қасиеттерді
  - B) халықаралық тілдерді
  - C) жеке немесе туыстас тілдерді
  - D) көптілділікті, тілдердің өзара қатынасын
  - E) интернационалдық терминдердің жасалуын
2. Тіл – рухани мәдениет – діл – халық шығармашылығы қарым-қатынасын зерттейді
  - A) когнитивтік лингвистика
  - B) лингвомәдениеттану
  - C) гендерлік лингвистика
  - D) антропологистика
  - E) әлеуметтік лингвистика
3. Тілдік таңбалардың иконалық таңбалардан ерекше қызметі
  - A) ойдың тікелей шындығы болу қызметі
  - B) эмоционалды-экспрессивті қызметі
  - C) графикалық қызметі
  - D) еріктілік сипаты
  - E) грамматикалық қызметі
4. Халықаралық тіл дәрежесіндегі тілдер
  - A) ағылшын, араб, қытай
  - B) неміс, грек, итальян
  - C) испан, грек, португал
  - D) жапон, орыс, корей
  - E) түрік, неміс, ағылшын
5. Қолданбалы тіл білімінің негізгі бағыттарының бірі
  - A) мәтіндерді автоматты қысқаша мазмұндау
  - B) жасанды тілдер теориясын құру
  - C) тілді формадан мағынаға бағытында зерттеу
  - D) мәтінге квалитативті талдау жүргіу
  - E) дәстүрлі көптілді сөздіктер құрастыру
6. Дәстүрлі типологиялық лингвистикада тілдердің типке бөлінуі
  - A) жалпы халықтық, әдеби
  - B) жасанды, табиғи
  - C) пиджин, креоль
  - D) синхрондық, диахрондық
  - E) синтетикалық, аналитикалық
7. Семасиология зерттейді
  - A) сөйлем мүшелелерінің қызметін
  - B) сөздердің шығу төркінін
  - C) сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын
  - D) сөздік қор және сөздік құрамды
  - E) сөздік түзу әдістерін

8. Сөйлемде субъективті-модальдық мағынаны білдіру тәсілдері
- A) синтаксистік шақ, жақ категориялары
  - B) екпін, көмекші сөздер
  - C) сөздердің орын тәртібі, интонация
  - D) предикативтілік, рай категориясы
  - E) жалғаулықтар, сөздердің байланысы
9. Пиктографиялық жазудың басқаша атауы
- A) әріп жазуы
  - B) логографиялық жазу
  - C) сына жазуы
  - D) идеографиялық жазу
  - E) суретті жазу
10. Тілдің деңгейлік ұйымдасуының қабаттары
- A) семасиология, фонология, сөзжасам
  - B) фонетика, лексика, фразеология, грамматика
  - C) когнитивтік лингвистика, этнолингвистика
  - D) фонетика, лексика, морфология, синтаксис
  - E) психолингвистика, әлеуметтік лингвистика